

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия және саясаттану факультеті



Презентация

Тақырыбы: Босқындардың мәртебесінің халықаралық-құқықтық реттелуі

Қабылдаған: Хибина Н.Н
Орындаған: Зинадин Ж
Қалдыбек С
Мәткерімова А
Тілеуғабылов Е

Алматы-2016

Жоспар

I Кіріспе бөлім

II Негізгі бөлім

- а. Халықаралық құқықтағы «босқындар» ұғымы
- б. Халықаралық – құқықтық қатынастағы босқындардың негізгі құқықтары мен міндеттері
- в. Босқындардың құқықтық жағдайларын бекітетін халықаралық-құқықтық нормалар.
- г. Мемлекеттердің БҰҰ-мен және басқа ұйымдармен босқындар мәселелері бойынша әріптестігі.

III Қорытынды бөлім

IV Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Бірнеше ондаған жылдардан бері босқындар проблемасын қазіргі заманның маңызды проблемаларына жатқызады. Босқындардың жер ауыстыруының жағдайлары мен себептері әр түрлі. Кейбіреулері адамдардың өзара қатынасының шеңберінде қалыптасатын немесе соның нәтижесі болатын жағдайларға байланысты туындайды; келесілері, пайда болуы адамдарға тәуелсіз жағдайлармен шартталады, мысалы дүлей апаттармен. Босқындардың негізгі массасын, әрине, бірінші тектегі жағдайлар туғызады, атап айтқанда: қарулы қақтығыстар, нәсілдік және діни тіресулер.

Батыс зерттеушілерінің жұмысында халықаралық құқықтағы босқындар жағдайы мәртебе ретінде анықталады. Осы терминді кең мағынада қолдану мүмкіндігін ұйғара отырып, оны құқықтық біліктілік тұрғысынан қолданылуының негізделуіне шүбә келтіру керек.

Құқықтық мәртебе – бұл халықаралық құқық субъектілерінің, жеке территориялардың, әр түрлі халықаралық және мемлекеттік органдардың, тұлғалардың және мүліктердің жеке категорияларының халықаралық құқық нормаларымен орнықтырылған жағдайы. Босқындар жағдайы оған тән барлық күрделіліктер мен қарама-қайшылықтарға қарамастан уақытша сипатта болады. Сондықтан, халықаралық құқықта босқындар жағдайы туралы айтқанда, оны мәртебе деп емес, режим деп атаған дұрыс болар еді. Сол арқылы проблеманың уақытша сипаттамасы ғана көрсетілмейді (соғыс тұтқыны мен жараланғандар режимінің ұқсастығы бойынша), сонымен қатар, босқындар жағдайының халықаралық құқықтағы басқа категориядағы тұлғалардың жағдайынан негізгі айырмашылықтары анықталады.

Халықаралық құқықтағы «босқындар» ұғымы

Үлкен монографиялық ғылыми еңбектің авторлары Гай С., Гудвин –Гилл айтқандай «босқын» термині қатаң термин болып табылады, яғни оның мазмұны жалпы халықаралық құқық қағидаларына сәйкес анықталады. Күнделікті қолданыста ол мейлінше кең және барынша шектелген, ол өзі шыдауға мүмкін емес деп тапқан табиғи немесе жеке сипаттағы жағдайлардан қорғануға ұмтылып қашатындардың бәрін белгілейтін термин. Адам қайда қашып барады — маңызды емес: әңгіме еріксіздіктен және қауіптен қашу туралы. Қашудың себептері де өте көп болуы мүмкін: бұл құлдық, еркіндік пен өмірге қауіптің төнуі, қуғындалу, кедейшілік, соғыс немесе азаматтық қақтығыстар, табиғи апаттар, жер сілкінісі, су тасқыны, құрғақшылық, аштық және т.б. «Босқын» сөзінің қорытындыланған мәні мүдделі тұлғаға көмек көрсету мүмкін және керек, қажет болған жағдайда қашуды тудырған себептен және оның салдарынын қорғау. Сондықтан босқындар категориясынан көбінесе әділ соттан қашқан «қашқындар» алып тасталады — жалпы, саяси аспектісіз заңды бұзғаны үшін қылмыстық қудалаудан сақтанушы тұлға.

«Босқын» ұғымының салалық (халықаралық-құқықтық) мазмұны одан да көбірек шектелген. Мысалы, оған «экономикалық босқындар» (бұл терминнің өзі әдетте қолданылмайды) енгізілмейді. Олардың проблемаларының шешімі, мүмкін, халақаралық көмек пен даму аясына жатады және басқа мемлекет территориясында шектеусіз уақыт ішінде қорғану баспана институтымен байланысты емес.

«Босқын» ұғымының анықтамасы халықаралық құқықта екі негізгі құжаттарда бар: 1951 жылғы БҰҰ «Босқындар мәртебесі туралы» конвенциясында және соның босқындар мәртебесіне қатысты 1967 жылғы Хаттамасында .

Бұл актілердің арасында бірнеше айырмашылықтар бар, жекелеп айтқанда, 1951 жылғы БҰҰ Конвенциясы уақыт бойынша және географиялық шектеулерді қарастырады, яғни ол Еуропада орналасқан елдерге қатысты қолданылады және 1951 жылдың 1 қаңтарына дейін өткен уақиғалар нәтижесінде босқынға айналғандарға қатысты болады. Ал 1967 жылдың Хаттамасына келетін болсақ, ол жоғарыда айтылған шектеулерді жояды және онсыз-ақ мемлекеттерге қатысты және нәтижесінде босқындар проблемасы пайда болған немесе пайда болатын кез – келген жағдайға, мейлі ол бұрын болсын немесе келешекте болатын болса да қолданылады.



«Босқындарға» анықтама беру әрекеті Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылмай тұрғанда да жасалынған, атап айтсақ, Ұлттар Лигасы қамқорлығымен жасалған шарттар мен келісімдер. Онда атаулы «топтық тәсілдеме» қолданылды. Бұл кездегі қажетті шарттар келесідей болды:

- а) тұлға өзі туылған жерден тыста болуы керек
- б) осы мемлекеттің қорғанысын пайдаланбауы керек

Мысалы, «орыс босқындары» 1926 жылы «Советтік Социалистік Одақтар Республикалары үкіметінің қорғанын пайдаланбайтын немесе енді пайдаланбайтын және басқадай азаматтық алмаған, орыс ата-текті кез-келген адам» ретінде анықталды. «Армян босқындары» ұғымының да мазмұны тура осыған ұқсас болды. Көрсетілген анықтамалар орыс және армян босқындарының жеке басының куәлігін беруге қатысты 1926 жылдың 12 мамырындағы Келісімде болды. Бұл жағдайда тұлғаның туған жерінен тыс жерде болуы тікелей талап етілген жоқ, бірақ ол ұйғарылған еді, өйткені келісімнің мақсаты жүруді және көшіп-қонуды қамтамасыз ету үшін жеке басының куәлігін беру болды. Егер жеке басының куәлігін алған адам өзінің ата-тегіне оралатын болса, онда Жеке басының куәлігі өзінің күшін жояды. Нәтижесінде мұндай тәсілдеме Германиядан қашқан адамдар туралы 1936 жылғы келісімдерде қолданылды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң «босқын» ұғымының анықтамасының мейлінше айқын критерийлері тұжырымдалды. Бұл туралы Босқындар істері бойынша Халықаралық Ұйымның (БХҰ) жарғысы және кейінірек қабылданған Босқындар істері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Жоғарғы Комиссарының Жарғысы (БЖКБ БҰҰ) және БҰҰ 1951 жылғы босқындар мәртебесі туралы Конвенциясы көрнекі куәландырады.



«Босқындарға» анықтама беру әрекеті Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылмай тұрғанда да жасалынған, атап айтсақ, Ұлттар Лигасы қамқорлығымен жасалған шарттар мен келісімдер. Онда атаулы «топтық тәсілдеме» қолданылды. Бұл кездегі қажетті шарттар келесідей болды:

- а) тұлға өзі туылған жерден тыста болуы керек
- б) осы мемлекеттің қорғанысын пайдаланбауы керек

Мысалы, «орыс босқындары» 1926 жылы «Советтік Социалистік Одақтар Республикалары үкіметінің қорғанын пайдаланбайтын немесе енді пайдаланбайтын және басқадай азаматтық алмаған, орыс ата-текті кез-келген адам» ретінде анықталды. «Армян босқындары» ұғымының да мазмұны тура осыған ұқсас болды. Көрсетілген анықтамалар орыс және армян босқындарының жеке басының куәлігін беруге қатысты 1926 жылдың 12 мамырындағы Келісімде болды. Бұл жағдайда тұлғаның туған жерінен тыс жерде болуы тікелей талап етілген жоқ, бірақ ол ұйғарылған еді, өйткені келісімнің мақсаты жүруді және көшіп-қонуды қамтамасыз ету үшін жеке басының куәлігін беру болды. Егер жеке басының куәлігін алған адам өзінің ата-тегіне оралатын болса, онда Жеке басының куәлігі өзінің күшін жояды.



Халықаралық – құқықтық қатынастағы босқындардың негізгі құқықтары мен міндеттері

Босқындардың баспана іздеген елде өмір сүру режиміне қатысты құқықтары мен міндеттері жай және конвенциялық халықаралық құқық нормаларына сәйкес анықталады. Бұл құқықтар мен міндеттер туралы негізгі ережелер 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы Конвенцияда тұжырымдалған. Бұл ережелер осы елде тұрып жатқан шетелдіктер пайдаланатын режимге жалпы бағдары сәйкес келетін босқындар режимінің «минималды, стандартты нормасы» ретінде анықталады.

1951 жылғы Конвенцияның 7 бабы конвенцияның қатысушы мемлекеттеріне барынша қолайлы құқықтық жағдай ұсынылатын кездерден басқа босқындарға «шетелдіктер қолданатын» режимді беруді жүктейді.

Мемлекет өз бетінше немесе өзара қатынас негізінде босқындардың құқықтары мен міндеттерінің көлемін кеңейтуге құқылы. Мұндай кеңейту, әдетте, босқын тастап кеткен мемлекет пен оның жаңа тұратын мемлекеті арасындағы жасалған арнайы шарттар мен келісімдер негізінде жүзеге асырылады, яғни шарттық өзаратүсіністік негізінде немесе босқынның жаңадан қоныстанған мемлекетінің ішкі заңдарына сәйкес жүзеге асырылады, яғни заңдық өзара түсіністік негізінде.

Конвенцияға сәйкес заңды өзаратүсіністік негізінде, жалпы, шетелдіктер пайдаланатын құқық осы мемлекеттің территориясында үш жыл ішінде тұрған босқындарға беріледі (7 бап, 2 т.). 1951 жылғы Конвенция күшіне енген күні шетелдіктердің құқықтары мен артықшылықтарына ие болған босқындар оларды ары қарай да қолдана береді (7 бап, 3 т.).



1951 жылғы Конвенция боқындармен қатынастың төрт режимін бекітеді:

- 1) ұлттық режим, яғни сәйкес мемлекеттің азаматтарына берілетін режим;
- 2) босқынның кәдімгі тұрған жері елінің азаматтарына берілетін режим;
- 3) барынша қолайлы режим, яғни шетел мемлекеттері азаматтарына берілетін барынша қолайлы режим;
- 4) барынша қолайлы режим, қалай айтқанда да, осы жағдайларда шетелдіктер қолданатын режимнен қолайлылығы кем емес режим.

1951 жылғы босқындар мәртебесі туралы Конвенция босқынның жеке мәртебесі оның домицилдену елінің заңымен немесе, егер онда бар болса, оның тұрған елінің заңдарымен анықталатынын орнықтырады. Және бұл кезде, босқындардың жеке мәртебесімен байланысты, онымен ертерек алынған құқық, некеден шығатын құқық та, конвенция қатысушысы болып табылатын мемлекетпен сақталатыны көрсетіледі (12 бап).

Мемлекет оның территориясына заңды түрде келген босқындарға тұратын жерді таңдау құқығын және оның территориясы шегінде еркін қозғалу мүмкіндігін беру (26 бап) және олардың территориясында орналасқан, жол жүру құжаты жоқ босқындарға жарамды жеке куәлік беру (27 бап) міндеттемесін өзіне алады.

Босқындардың құқықтық жағдайларын бекітетін халықаралық - құқықтық нормалар.

Босқынның мәртебесінің ресми бекітілуі анықталған тұлғаның немесе топтың жағдайы сәйкес құқықтық критерийлерді қанағаттандыратыны туралы қандай да бір органмен бекітілуіне әкеп соғатын құқықтық салдарларға әкеледі. Тұлға оның жағдайы анықтамаға сәйкес келсе, босқын деп танылады, сондықтан босқын мәртебесінің бекітілуі адамды босқын етпейді, тек қана оны босқын деп жариялайды, дегенмен, егер мемлекет босқын мәртебесін бекітуден бас тартса немесе мемлекет пен БЖКБ оны әртүрлі анықтаса, онда проблемалар пайда болады.

Жалпы ережелер бойынша, тұлға босқын деп танылады, егер ол 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенцияда тұжырымдалған критерийлерді қанағаттандыратын болса. «Босқын» ұғымын және босқын деп есептелуге құқықты тұлғалар категориясын анықтайтын конвенция ережелерін үш бөлімге бөлуге болады. Бірінші бөлімде босқын деп танылуы үшін тұлға қанағаттандыруы қажет критерийлер анықталады. Екінші бөлімінде босқынның босқын ретінде танылуын болдырмайтын жағдайлар келтірілген. Үшінші бөлімінде ол бірінші бөлімдегі критерийлерді қанағаттандыратын болса да, тұлға конвенция әрекетінен шығарылатын себептер көрсетіледі.

Дегенмен, 1951 ж. Конвенцияда босқын мәртебесін анықтау тәртібі туралы ешнәрсе айтылмайды. Сондықтан босқындар мәртебесін беру туралы өтінішті бағалауға (осы ұғымның анықталу күшіне қарай) субъективті және объективті факторлар кешені ықпал етеді, ал мұндай бағалаудың міндеті — халықаралық құжатты тереңдетілген ізгілікті мақсатта талдау — кейбір негізін қалаушы ережелерді сақтаумен түсіндіріледі.



Босқындардың мәртебесін тану процедурасы олардың өз мүддесінен шыға отырып және осы саладағы халықаралық – құқықтық заң шығарушылық қызмет процесінде әзірленген ережелерді ескере отырып мемлекеттермен анықталады. Мысалы, Германияның босқындар мәртебесін анықтау және тану мәселелерімен айналысатын әкімшілік соттарының тәжірибесінде тұлғалардың қауіптенуі негізді деп есептелген кездегі жағдайларды классификациялау кең тараған. Келесі қауіптенулер негізделген деп танылады:

- 1) олардың азаматтығы бар елде, «саяси сенімсіз» деп қаралатын тұлғалар;
- 2) олардың азаматтығы бар елдегі режимге белсенді оппозицияда болатын тұлғалар;
- 3) шетелде жүрген уақытында өз елінің үкіметіне ашық түрде қарсы шыққан тұлғалар;
- 4) тегі оларды қудалауға әсер ететін тұлғалар;
- 5) шетелде жүрген кездегі ой-көңіл күйі олардың азаматтығы бар ел үкіметінің наразылығын тудыратын тұлғалар;
- 6) олардың азаматтығы бар елдегі жағдайларға байланысты қудалауға ұшыраған тұлғалар.

«Қудалау» термині «босқындар» ұғымының анықтамасының бір бөлігі ретінде алғаш рет Босқындар істері бойынша Халықаралық Ұйымның жарғысына енгізілді. Жарғының I қосымшасының «С» бөлімінде тұлғалардың азаматтық еліне немесе кәдімгі мекен-жайына қайта оралуына қарсы салмақты қарсылық болып «нәсіліне, дініне, ұлтына немесе саяси көзқарасына байланысты қудалау немесе қудалауға негізделген қауіптілік» табылады.

1948 жылы «қудалау» термині Адам құқығы туралы жалпыға бірдей Декларациясына енгізілді. Декларацияның 14 бабында «басқа елдерде қуғындалудан баспана іздеу және сол баспананы пайдалану» құқығы туралы айтылды және сол бапта баспанаға құқық қандай жағдайда қолданылмайтындығы көрсетілген: «Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қарсы келетін әрекеттер немесе саяси емес қылмысты жасағанға негізделген қудалау жағдайларында».

Мемлекеттердің БҰҰ-мен және басқа ұйымдармен босқындар мәселелері бойынша әріптестігі.

Шекараны кесіп өткен адамдармен жұмыс істеу кезіндегі әріптестіктің жалпы қағидасы мүше – мемлекеттер БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес және жай халықаралық қауымдастық мүшелері ретінде өзіне қабылдаған міндеттемелерден шығады.

1951ж. БҰҰ Конвенциясына сәйкес (35бап) келісуші Мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері бойынша Жоғарғы Комиссарының Басқармасымен немесе Біріккен Ұлттардың оның атқаратын қызметі беріле алатын кез-келген басқа органдарымен ынтымақтасуға міндеттеме алады, атап айтқанда, осы Конвенцияның ережелерінің қолданылуын бақылауға қатысты міндеттерді орындауға ықпал етеді.

Жоғарғы Комиссар Басқармасына немесе Біріккен Ұлттардың оның орнына тұратын кез-келген басқа органдарға, Біріккен Ұлттардың тиісті органдарына баяндаманы көрсету мүмкіндігін беру үшін келісуші Мемлекеттер оларды талап етілетін мәліметтер мен статистикалық деректермен қажетті нысанда қамтамасыз етуге міндетті болады, атап айтқанда мыналарға қатысты:

- а) босқындар жағдайлары;
- б) осы Конвенцияны жүзеге асыру және
- с) босқындар туралы күшіндегі заңдар, өкімдер және декреттер.

Осы ереже 1967 жылғы Хаттамада (II бап) қайталанған.

Тәжірибеде көптеген мемлекеттер өз елінен әр түрлі себептермен қашуға мәжбүр болған тұлғалардың кең категориясы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының өзіне міндеттеме алуын қалайды. Бас Ассамблея ізгілік ниетте жасалған БЖКБ қызметін қолдады, бірақ ол мұны қорғаудың болмауы вакуум тудыратындықтан жасады.



Мемлекеттердің босқындар қорғауымен айналысатын басты халықаралық мекемелердің жұмысының әр түрлі деңгейлерінде қатысулары қажетті. Сондықтан, мұндай ұйымдардың тәжірибесі БЖКБ мәртебесін де, босқындар жағдайын жақсартатын жалпы халықаралық құқық нормаларын да бағалау үшін өте маңызды. БЖКБ — мемлекеттер пікірі көрсетілетін форум ғана емес; халықаралық құқықтың субъектісі бола отырып, ол әрекеті сәйкес саладағы норма шығарушылық процесіне ықпал ететіндердің бірі болып табылады.

Төтенше ізгілікті көмек көрсету бойынша әрекеттерді үйлестірудегі БҰҰ-ның рөлі өте маңызды. 1991 жылы 19 желтоқсанда Бас Ассамблея БҰҰ төтенше ізгілікті көмек саласындағы үйлестіруді нығайту туралы 46/182 қарарды қабылдады. Бұл қарарға ізгілік көмектің маңызды стандарттарын, бейтараптылықты және алалықсыздықты қарастыратын жетекші қағидалар мен ұсыныстар жинағы қосылды, бірақ, одан өзге, «тәуелсіздікті, территориялық тұтастықты және мемлекеттердің ұлттық бірлігін» сыйлау және әрбір мемлекеттің «өзінің территориясында орын алған табиғи апаттар мен басқа да төтенше жағдайлар құрбандарына көмек көрсету үшін» негізгі міндеттемесін мойындау да қосылды. Халқы ізгілік көмекті қажет ететін мемлекет сәйкес үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстарына жәрдемдесуіне болады, ал көрші мемлекеттер — зардап шеккен елдермен тығыз ынтымақтасады.

Мәжбүрлі орын ауыстыру дағдарыстарын шешуге Біріккен Ұлттар Ұйымының көптеген мекемелері ат салысты. Мысалы, ЮНИ-СЕФ — 1946 ж. құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры,— бастапқыда басқыншылық құрбаны болған елдердің балаларына көмек көрсетуге өкілетті болды; қазір ол көмек қажет ететін бүкіл дүниежүзінің аналары мен балаларына төтенше де, ұзақ мерзімді де көмектер көрсетеді. Көбінесе ЮНИСЕФ-тің босқын-балалармен жұмыс істеуіне тура келеді, мысалы, қасында оларға қарайтын ересек адамдары жоқ балаларға көмектеседі немесе таза су мен емдік тағамдармен қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Сонымен, босқындар мәселесі бүгінгі күнде ерекше маңызға ие мәселелердің бірі. Соңғы уақыттарда таралған, ең алдымен, терроризм актілерімен, аймақтық соғыстармен байланысты адамдар үшін қауіпті қатер, сөзсіз, қақтығыстар пайда болған жерлерден қашқан босқындар ағыны болатын жағдай туғызады. Олардың ішінде, барынша айқын мысал ретінде бола алатын, Америкадағы террористік актілер, оның жауабы ретіндегі Ауғанстандағы әскери әрекеттер, соның нәтижесінде Ауғанстаннан қашқан босқындардың өте үлкен армиясы пайда болды (2001 – 2002 ж.ж); Израильдің Палестинаға қарсы әскери әрекеті, оның нәтижесінде палестиндік босқындардың ағыны күннен – күнге артуда (2002 ж.) және т.б.

Сонымен қатар, босқындар табиғи катаклизмалар, саяси соқтығыстар және көптеген басқа себептер нәтижесінде пайда болады. Көрсетілген кез-келген жағдайларда адамдар олардың құқықтары мен бостандықтары бұзылған, өмірі мен денсаулығына қатер төнетін жерлерден қашады.

Соған қарамастан, босқындар жағдайын реттеуші халықаралық құқық нормалары әлі де құқықтық қорғау жүйесі ретінде толық қалыптаспаған. Өйткені, төтенше деп есептелетін жағдайларға қажет реттеуді қамтамасыз ете алмайды. Белгілі шамада олар жәбірленуші тұлғалардың жағдайын жеңілдетеді, бірақ олар ақырына жеткізілген болып табылмайды, өйткені босқындар мен баспана іздеушілерге әлі де болса уақытша баспана немесе уақытша қорғау беруден, өзінің үйлеріне қауіпсіз қайтуды қамтамасыз етуден немесе өтемақы төлеуден бас тартылуы мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

Халықаралық құқықтық актілер.

1. Босқындардың мәртебесі туралы Конвенция (Женева, 28 шілде 1951 ж.). Қазақстан Республикасы аталған Конвенцияға 15 желтоқсан 1998 жылғы Заңға сәйкес қосылды.
2. Геноцидтік қылмыстың алдын алу және сол үшін жаза туралы Конвенция (9 желтоқсан 1948 ж.) «Геноцидтік қылмыстың алдын алу және сол үшін жаза туралы Конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» ҚР Заңы 29 маусым 1998 жыл №244-1 .
3. Апартеидтің алдын алу және сол үшін жаза туралы Конвенция (30 қазан 1973 ж.).
4. Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы БҰҰ Конвенциясы. 21 қараша 1947 ж.
5. Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық Конвенция (Нью-Йорк, 7 наурыз 1966 ж.).

Арнайы әдебиеттер.

1. Brownlie, I., International Law and the Use of Force by States, (1963), ch. IX.
2. Гай С. Гудвин Гилл. Статус беженца в международном праве. М., «Юнити». 1997 г.
3. Нюрнбергский процесс над главными нацистскими военными преступниками. Сборник материалов в семи томах. М., Государственное издательство юридической литературы, 1957- 1961, т. I.
4. Потапов В.И. Беженцы и международное право. М., «Международные отношения», 1986 г.
5. Регулирование правового статуса некоммерческих организаций в гражданских кодексах государств мира/Сборник материалов. Издание 2-е, переработанное и дополненное. Алматы, «Издательство Iem», 2003 г.

Назарларыңызға рахмет!

